

and Manufacturing (IJIDeM). - 2020. - V. 14(4). - P. 1195-1209. - <https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000567721300001>

19. Amorin-Woods L.G., Losco B.E., Leach M.J. A mixed-method study of chiropractic student clinical immersion placements in nonmetropolitan Western Australia: Influence on student experience, professional attributes, and practice destination // Journal of Chiropractic Education. - 2019. - V. 33(1). - P. 30-39. - <https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000461191200005>

20. Nuffer W., Bolan J., Borgelt L.M., Franson K.L., Gilliam E.H., Nuffer M., Thompson M.E. A longitudinal quality improvement program to optimize experiential education's ability to develop trusted independent pharmacist practitioners // Currents in Pharmacy Teaching and Learning. - 2021. - V. 13(9). - P. 1244-1251. - <https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000678547500022>

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/5887.2022.42.79.004>

Берикханова А.Е.^{1*}, Ибраимова Ж.Қ.,¹ Жекеева А.Е.¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН ДАМУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада ғылымның интеллектуалдық әлеуетін жоғарлату және Қазақстандағы жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу мүмкіндіктерін арттыру қажеттілігінен туындап отырған университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының зерттеушілік белсенділіктерін дамытудың өзектілігі қарастырылады. Білім және ғылым саласындағы құқықтық және нормативтік құжаттарда университеттердің тек білім берушілік қана емес, сонымен қатар ғылыми жаңалықтарды жасауға, таратуға және енгізуге арналған ғылыми-мәдени орталықтар ретіндегі рөлі негізделген. Мақалада университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми-зерттеу қызметін дамыту қажеттілігіне ерекше назар аударылады, өйткені олардың ғылыми іс-әрекеттерінің нәтижелері университеттің әлемдік және ұлттық рейтингін анықтайды және университеттің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Бұл зерттеудің негізгі идеясы Action Research (іс-әрекеттегі зерттеу) сынды ғылыми зерттеулердің бейресми түрлерін университет тәжірибесіне кіріктіру арқылы университет оқытушыларының ғылыми-зерттеу белсенділіктерін дамыту қажеттілігімен байланысты. Бұл зерттеу жалпы зерттеу үдерісінің сапасын дамытудың терең жатқан мәселелерін шешуге бағытталған.

Мақалада ұсынылып отырған отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми ізденіс әдіснамасы, практикаға бағытталған ғылым, университет тәжірибесіне Action Research (Іс-әрекеттегі зерттеу) енгізу туралы ғылыми-педагогикалық зерттеулеріне жасалған аналитикалық талдау оқытушылардың зерттеу белсенділіктерін дамыту үшін университеттің психологиялық-педагогикалық жағдайлары мен мүмкіндіктерін анықтауға негіз болады.

Бұл мақала Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің IRN: AP14872311 гранттық қаржыландыру бойынша «ЖОО-ның тәжірибесіне Action Research сынды бейформалды зерттеу формаларын интеграциялау арқылы оқытушылардың зерттеушілік белсенділіктерін дамытудың теориясы мен технологиясы» тақырыбындағы ғылыми жобасы аясында жазылған.

Түйін сөздер: зерттеу белсенділігі, іс-әрекеттегі зерттеу, зерттеушілік орта, дамытушы орта, ғылыми коллаборация.

Берикханова А.Е. ^{1*}, Ибраимова Ж.К., ¹ Жекеева А.Е.¹
¹Казакский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казакстан

НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ АКТИВНОСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ ВУЗА

Аннотация

В данной статье раскрывается актуальность развития исследовательской активности профессорско-преподавательского состава вузов, продиктованной необходимостью повышения интеллектуального потенциала науки и научно-исследовательских возможностей вузов Казахстана. В нормативно-правовых документах в сфере образования и науки обосновывается роль университетов не только как образовательных, но и научно-исследовательских и культурных центров, призванных создавать, транслировать, внедрять научные инновации. В статье уделяется особое внимание необходимости развития научно-исследовательской активности ППС вуза, так как результаты их научной деятельности определяют глобальный и национальный рейтинг университета и обеспечивает конкурентоспособность вуза на рынке труда.

Основная идея данного исследования связана с необходимостью развития исследовательской активности преподавателей вуза через интеграцию в деятельность вуза неформальных форм научного исследования как Action Research (исследования в действии). Исследование направлено на решение глубинных проблем развития качества исследовательского процесса.

Представленный в статье аналитический обзор научно-педагогических исследований отечественных и зарубежных ученых по методологии научного поиска, по практикоориентированной науке, по внедрению Action Research (исследование в действии) в практику вуза будет служить основой для выявления психолого-педагогических условий и возможностей вуза для развития исследовательской активности преподавателей.

Данная статья написана в рамках научного проекта по грантовому финансированию МОН РК ИРН: AP14872311 по теме «Теория и технология развития исследовательской активности преподавателей вуза на основе интеграции в практику неформальных форм исследований как Action Research».

Ключевые слова: исследовательская активность, исследование в действии, Action Research, исследовательская среда, развивающая среда, научная коллаборация.

Berikhanova A. ^{1}, Ibraimova Zh., ¹ Zhekeyeva A. ¹*

¹ *Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

SCIENTIFIC-THEORETICAL BASES OF THE UNIVERSITY TEACHERS' RESEARCH ACTIVITY DEVELOPMENT

Abstract

This article describes the relevance of the development of research activity of university teaching staff, dictated by the need to increase the intellectual potential of science and research capabilities of universities in Kazakhstan. The normative legal documents in the area of education and science substantiate the role of universities not only as educational, but also as research and cultural centers, designed to create, transmit, implement scientific innovations. The article pays special attention to the need to develop the research activity of university teaching staff, as the results of their research activities determine the global and national ranking of the university and ensure the competitiveness of the university in the labor market.

The main idea of this research is related to the development of research activity of university teachers through the integration of informal research forms as Action Research into the activities. The research is aimed at solving the problems of developing the quality of the research.

The analytical review of scientific and pedagogical research of local and foreign scientists on the methodology of scientific search, on practice-oriented science, on implementation of Action Research (research in action) in the practice of the university will serve as the basis for identifying psychological and pedagogical conditions and opportunities of the university for development of research activity of teachers.

This article was written within the scientific project on the grant funding of the MES RK IRN: AR14872311 on "Theory and technology of university teachers' development on the basis of integration in the practice of informal forms of research as Action Research".

Keywords: research activity, research in action, Action Research, research environment, developing environment, research collaboration.

Кіріспе. Заманауи ақпараттық және жоғары инновациялық технологиялар ғасырының сын-көзқарастары ұлттың интеллектуалдық әлеуетін дамытуды өзектендіре түсті. Бұл жаһандық үдерістерінен туындағын құбылыс ең алдымен білім мен ғылым саласына үлкен жауапкершілік артып отыр. Бүгінгі күнгі педагогикалық шындық жаңа форматтағы, шығармашылық деңгейлері жоғары, зерттеушілік құзыреттіліктері дамыған, ғылым мен техниканың жаңалықтарын кәсіби іс-әрекеттерінде шебер ұштастыра алатын мұғалімдерді қалыптастыруды талап етеді.

Білім беру - қоғамның адами ресурстары мен интеллектуалдық капиталын дамытудың мызғымас іргетасы және маңызды күші. Осыған байланысты білім және ғылым саласында ұлт болашағы үшін ұлы қызметпен айналысып отырған педагогтар бойында заманауи талаптарға сай құзыреттіліктерді қалыптастыру өзектеніп түскені анық. Ақпараттық заманның тез өзгеруіне, соның салдарынан білімнің тез ескіруіне байланысты, педагогтардың ғылыми-зерттеушілік белсенділіктерін дамыту мәселесі кезек күттірмейтін мәселелер қатарында.

Қазіргі әлеуметтік мәселелердің түп-тамырларының көбі педагог мамандардың құзыреттіліктеріне, олардың біліктіліктеріне, ғылыми білімдерін практикалық дағдыларға ауыстыра алуларына байланысты талқылануда. Бұның негізгі себебі педагог мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындарында академиялық білім терең ғылыми теория жүзінде беріліп, оларды тәжірибеге проекциялау дағдыларының қалыптастырылмауында деп тұжырымдауға болады. Яғни, жалпы алғанда, жоғары оқу орындарында ғылыми ізденіс жұмыстарының практикалық бағыттылығын күшейту мәселесі мұғалімдер мен ЖОО оқытушыларының кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың негізгі шарттарының бірі.

Аталып отырған мәселені шешудің өзектілігі түрлі халықаралық және қазақстандық зерттеулерде қарастырылып, білім беру саласында педагогтардың ғылыми-зерттеушілік белсенділіктерін дамыту өзгеріс пен жаңашылдықтарды енгізудің басты шарты ретінде қабылдау тенденциясы байқалуда. Ғылыми негізделген білім, ғылыми ізденіс, практиканы жетілдіруге бағытталған ғылым мәселелері Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы барлық Ұлттық бағдарламалары мен құқықтық және нормативтік құжаттарында да ерекше аталып көрсетілген.

«Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» [1] негізгі міндеттер ретінде:

- ғылымның интеллектуалдық әлеуетін нығайту;
- ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру;
- ғылыми жұмыстардың тиімділігін арттыру және әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануды қамтамасыз ету міндеттері атап көрсетілген.

Ғылым саласындағы шоғырланып қалған мәселелер қатарында ғылым саласының инвестициялық тартымдылығының төменділігі, ғылыми жұмыстар нәтижелерінің өндіріс пен бизнес саласының сұраныстарына толық жауап бере алмауы, ғылыми зерттеулердің практикалық бағыттылығының төмендігі, ғылыми зерттеулердің жеткіліксіз түрде қаржыландырылуы, ЖОО-да оқытушылардың зерттеушілік жұмыстарға ынталандыру тетіктерінің жетіспеушілігі, ғылыми-зерттеу жұмыстарына шет тілін жақсы меңгерген, әлемдік ғылыми базаларда еркін жұмыс жасай алатын, ғылыми коллаборацияға бейім жас ғалымдарды тарту мәселелерін атап өтуге болады.

Педагогикалық ғылым саласындағы жыл сайынғы жүргізіліп жатқан теориялық зерттеулер мен ізденістердің саны мен сапасы арасындағы сәйкессіздік алаңдатушылық туғызуда деген сын пікірлер легі байқалуда. Бұның негізгі себептері ретінде педагогикалық ғылыми зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы айқын ашылып жазылғаныменен, олардың тікелей педагогикалық тәжірибені дамытуға әлсіздігін, объективті шындықты өзгертудегі фрагментарлығын, олардың әсерлер аясының тарлығын немесе, көп жағдайда, теория жүзінде ғана қалып қоятындығын атап көрсетуге болады.

Осыған орай ғылыми-педагогикалық және зерттеушілік жұмыстың мән-мағынасын кеңейтуде, бұл мәселеге түбегейлі жаңа ғылыми негізделген көзқарас қалыптастыруда, ғылымға деген жаңа

бетбұрысты дамытуда ғылыми институттардың шоғырлану ортасы ретінде жоғары оқу орындарының әлеуетін әлеуетін күшейтудің маңызы зор. Ғылымның түпкі мәнінің өзі практиканы өзгертуге, жақсартуға, дамытуға бағытталуында болып отырғанын ұмытпау қажет. Аса назар аударуды қажет ететін мәселе ретінде зерттеу жұмыстарының құрылымдық-мазмұндық жағынан негізгі талаптарға сәйкес болғанымен, олардың нәтижелері практиканы өзгертуге нақты үлес қоса алуын атап өтуге болады.

Осындай шоғырланып қалған мәселелерді шешу мақсатында Қазақстанда ғылымның интеллектуалдық әлеуетін дамытуға ерекше мән беріле отырып, жас зерттеуші-ғалымдарды «Болашақ» халықаралық стипендиясы арқылы әлемдік ғылыми білімдер кеңістігіне интеграциялануын, ғылыми қорлар аясын кеңейту, оларды кезең-кезеңімен толықтырып, жаңартып отыру, ғылыми-зерттеушілік жұмыстарға қаржыландырылатын гранттар санын көбейту, халықаралық ERASMUS MUNDUS, DAAD, FULBRIGHT, CHEVENING, Pershing Square Foundation, ETH Zurich Excellence Masters, Swiss Government Excellence Scholarships т.б. ғылыми зерттеушілік бағдарламалар мен арнайы жас ғалымдарға арналған стипендияларға қатысу мүмкіндіктері халықаралық қатынастар мен ынтымақтастық бағытында жүйелі жолға қойылуда.

Сонымен қатар ел ішінде жыл сайынғы Республикалық «ЖОО үздік оқытушысы», «Үздік ғылыми қызметкер», «Үздік педагог» сынды сайыстары және әр ғылым саласындағы атаулы сыйақылық стипендияларды айырықша атап көрсетуге болады.

Ғылым саласын дамыту бойынша барынша мүмкіндіктер жасалып жатқанымен, мемлекеттер арасындағы салыстыру статистикасы бойынша Қазақстанда 1 млн. Адам санына шаққанда 662 ғалым келетін болса, бұл көрсеткіш Ресеймен салыстырғанда 4,3 есе, ал АҚШ-пен салыстырғанда 6,4 есе аз екені анықталған [1]. Демек, ғылымның интеллектуалдық әлеуетін жоғарлату үшін ғылыммен айналысатын адамдардың санын ғана емес, сапасын, олардың ғылыми-зерттеу белсенділіктерін арттыру да өте маңызды.

Мақаланың негізгі **мақсаты** – ғылыми-зерттеу үрдісін жетілдіруге қатысты отандық және әлемдік әдебиет көздерін зерттеу негізінде жоғары оқу орындары оқытушыларының зерттеушілік белсенділіктерін дамытудың өзектілігін және «Action research» сынды бейформалды зерттеу формаларын оқытушылық тәжірибеге кіріктірудің маңызын ашып көрсету.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігі оның профессорлық-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуметімен өлшенетіні белгілі. Мысалы, әлемдік QS World University Rankings, Times Higher Education, Round University Ranking (RUR) т.б. рейтингтердің ЖОО бағалаудағы негізгі критерийлері қатарында: зерттеушілік іс-әрекет, оқыту үрдісі, жұмыс берушілердің пікірлері мен мәнсаптық әлеует, шетелдік оқытушылар мен студенттерінің оқытылуы, академиялық беделі, бір оқытушыға шаққандағы ғылыми сілтемелер жасау индексі, студент-оқытушы құрамдарының қатынасы, т.б.

Нақтылай Round University Ranking рейтингісін алып қарастырса, бұл жоғары оқу орындарының жаһандық рейтингісі болып табылады. Осы рейтингте әлемдік танымал университеттердің ғылыми әлеуеті мен әлеуметтік өзгерістер енгізудегі тиімділіктері бағаланады. Бұл бағалау барша жоғары оқу орындарын біркелкі критерийлер бойынша зерттеуге негізделген: оқытушылық әлеуеті, зерттеушілік әлеуеті, халықаралық ынтымақтастық, қаржылық тұрақтылық. Аталып отырған критерийлер тізбегінің әрқайсысы іштей жиырмаға жуық көрсеткіштер бойынша тармақталған.

ЖОО арасындағы жүргізілетін осындай рейтингтер әр университеттің әлемдік танымал университеттері арасында бәсекелестікке түсіп, өздерінің ғылыми және білім беру потенциалдарын жоғарлатып отырады.

Материалдар мен әдістер. Мақалаға арқау болып отырған ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет туралы әдебиеттер легі де ғылыми әдіснаманы және ЖОО оқытушыларының ғылыми әлеуетін жоғарлату қажеттігін атап көрсетуде. Педагогикалық әдіснаманың философиялық, жалпығылымдық, пәндік, технологиялық т.б. деңгейлерін ескере отырып, оның ғылыми зерттеушілік жұмыстардың негізгі бағдаршамы болатыны айдан анық. Осы жәйтті ескере отырып, ЖОО оқытушыларының зерттеушілік белсенділіктерін дамытуда түлғалық-бағдарлық, іс-әрекеттік, аксиологиялық, акмеологиялық, құзыреттілік, ортаның дамытушы әсерін күшейту тұғырларының негізгі қағидаттары пайдаланылды.

Педагогика ғылымының әдіснамалық негіздерін зерттеу барысында В.В. Краевский педагогикалық ғылымның өзіндік рефлексиясы деген түсініктеме келтіре отырып, педагогиканың негізгі әдіснамалық мәселесі ретінде педагогикалық зерттеулердің педагогикалық практикаға

қарағандағы бағыттаушы және алдын ала жобалаушы рөлін ұйымдастыруға баса назар аударады [2,5].

Оқытушылардың ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын жетілдіруге арнайы психологиялық және педагогикалық жағдай жасау, оқыту және инновацияларды практикаға енгізу, ЖОО оқытушыларының зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту мәселелері Н.В. Кузьмина, В.А. Сластенин, Л.Ф.Авдеева, Г.Н.Александрова, С.И.Зиновьева, Т.Ф.Артамонова, В.В.Думин, сынды ғалым-зерттеушілердің еңбектерінде ерекше талдауға алынған.

Ғылыми-зерттеушілік жұмысты жетілдірудің әдіснамалық негіздерін және оны әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге В.В. Краевский, В.И. Гинецинский, В.И. Журавлев, И.А. Зимняя, А.М. Новиков, М.Г. Ярошевский, т.б. ғалымдардың еңбектері арналған.

Педагогика саласындағы ғылыми зерттеушілік іс-әрекетке қатысты арнайы жүргізілген В.Е.Гмурман, В.И.Королев, Н.Ф.Юсуфбекова, В.И.Загвязинский, В.В. Краевский, М.Н.Скаткин және т.б. ғалымдардың құнды еңбектерін атап көрсету өте маңызды. Бұл еңбектер педагогика ғылымы бойынша әзірленген көптеген диссертациялық зерттеулердің әдіснамалық негізі болғаны анық.

Сонымен қатар қазақстандық педагогикалық ғылымды дамытуда Н.Д.Хмель, Н.Н. Хан, Ш.Т.Таубаева, А.К.Қусаиынов, З.А.Исаева, Б.Т.Барсай, Г.А. Муратбаева, А.А.Булатбаева, А.К.Мынбаева, Н.А. Шамельханова, А.Сағынтаева т.б.көптеген ғалымдардың еңбектерінде педагогика әдіснамасын, оның принциптерін, негізгі тұғырларын, әдіснамалық аппаратын, ғылыми мектептердің қалыптасуын, зерттеу іс-әрекетінің ерекшеліктерін жан жақты қарастырған. Осы зерттеулерге талдау жасай келе ЖОО оқытушыларының зерттеушілік іс-әрекеттерінің әрқашан жетілдіріп отыруды қажет ететін үдеріс екені негізделеді. В.И.Загвязинскийдің пайымдауынша педагогика саласында ғылыми зерттеу жұмыстардың мәні ғылыми ұсыныстарды нақты, қайталанбас педагогикалық жағдаяттарда пайдалана алумен» сипатталады [3].

Н.Д.Хмель педагогикалық ғылымда тұтас педагогикалық үдеріс теориясының моделін негіздей келе, оның жүзеге асырылуының теориясын және технологиясын негіздеген [4], [5], [6]. Өзінің құнды еңбектерінде Н.Д.Хмель жалпы әдіснаманы зерттеу үдерісі жайлы ғылым ретінде негіздейді. Сонымен қатар ғылыми зерттеудің мәнін аша отырып, оның тиімділігінің негізгі критерийлерін атап көрсетеді: зерттеулер нәтижелерімен байланыстылығы, теория мен практиканы дамытудағы пайдалылығы, болашақта зерттеу тақырыбының даму бағытын жобалау [3,7]. Сонымен қатар Н.Д.Иванова жас ғалымдар мен аспиранттардың ғылыми зерттеушілік жұмыстарын, олардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың ынталандырушылық, мазмұндық және процессуалдық компоненттерінен құралған теориялық моделін ұсынған [7, 19]. Осы моделдегі негізгі көрсеткіштері ретінде:

- шығармашылық ізденіске деген талпыныс;
- ғылыми-зерттеушілік жұмысқа деген қажеттілік;
- ғылыми-педагогикалық зерттеулердің әдістерін білуге ынтаның жоғары болуы;
- өзіндік жетілу мен өзіндік дамуға деген қажеттілік;
- ғылыми зерттеулердің диалектика заңдары, таным теориясы, тұлға және іс-әрекет теориялары сынды әдіснамалық негіздерін білу;
- тұтас педагогикалық үдеріс заңдары мен заңдылықтарын білу;
- ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің кезеңдік әдістемесін білу;
- ғылыми жұмыстарды құрылымдау әдістемесін жетік білу;
- ғылыми жұмыстың міндеттеріне сай қолданылатын зерттеу әдістерін жүйелей алу;
- ақпараттық мәдениет әдістерін меңгеру;
- ғылыми жұмыстар мен оқыту жұмыстарының байланыстылығын қамтамас ете алу, т.с.с. маңызды көрсеткіштер анықталған.

Осы көрсеткіштердің басым көпшілігі оқытушылардың ғылыми-зерттеу белсенділіктерін дамытуға негіз болары айқындала түсуде. Дегенмен, бүгінгі таңдағы жаһандану мен қоғамның ақпараттық сандық технологияларының әсерін ескере отырып, қарастырылып отырған зерттеу пәнінің теориялық моделі болашақта жан-жақты зерттелмек.

Ш.Т. Таубаеваның еңбектерінде [8], [9], [10] педагогтың зерттеушілік мәдениетін зерттей келе оның негізгі әдіснамалық, теориялық, әдістемелік, технологиялық өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтайды. Педагогтардың зерттеушілік мәдениетінің көрсеткіштерін ынталандырушы, мазмұндық, үдерістік, бағалаушылық-рефлексиялық деп қарастырады. Осының негізінде ғалым педагогтың зерттеушілік мәдениеті деген ұғымның мазмұнын аша келе оның ең жоғарғы деңгейі *кәсіби-*

зерттеушілік әрекетті меңгеру деп тұжырымдайды. [8,372]. Сонымен қатар осы зерттеу аясында аталып отырған ғалым-әдіснамашы педагогтардың инновациялық құзыреттілігін зерттей келе оны педагогтың жаңа білімдерді іздестіруін, болашақта оны өз тәжірибесінде қолдана отырып, ғылыми шығармашылық әдістерді меңгеруін меңзейді.

ЖОО оқытушыларының ғылыми-зерттеушілік белсенділіктерін дамытуда праксиология ұғымының мәні өте зор. Праксиологияны көптеген ғалымдар адамның іс-әрекеттерінің пайдалылығын, нәтижелілігін және тиімділігін зерттейтін ғылым ретінде қарастырады. Осыған орай жоғарғы оқу орындары оқытушыларының да зерттеушілік іс-әрекеттерінің тиімділіктері де қазіргі заман сұраныстарына сай көкейкесті мәселелер қатарына ауысуда.

Ұсынылып отырған ғылыми еңбектер мазмұнын талдау негізінде анықталып отырғандай басым көпшілігінде «ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет», «ғылыми-зерттеушілік мәдениет», «ғылыми-зерттеушілік құзыреттілік» деген түйінді ұғымдардың мәні ашылған. Бұл зерттеулердің барлығы ЖОО оқытушысының ғылыми-зерттеушілік белсенділігі деген ұғымның құрылымын, мазмұнын, ерекшеліктерін жан-жақты ашуға негіз болатыны анық.

Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде «іс-әрекет» пен «белсенділік» ұғымдары өте тығыз байланыста қарастырылады. Сондай-ақ іс-әрекет ұғымының анықтамасының өзі белсенділік ұғымы арқылы берілетіні белгілі. Қазіргі таңда ЖОО оқытушыларының жарияланымдық белсенділігі деген ұғым өте жиі қолданылып, ол сапалық емес, сандық көрсеткішіті ғана білдіретін критерийге айналып кетуі, жалпы ғылымның түпкі миссиясына деген көзқарасты қалыптастыру қауіпі аз емес. Жоғарыда аталған ЖОО рейтингісін анықтаудағы жаһандық ғылыми метрикалық өлшемдердің өзінде жарияланымдардың санына баса назар аударылуда. Осы мәселенің оқытушылар арасында жарияланымдар санын көбейту бойынша бәсекелестіктің туындауы, не болмаса, жалған авторлық, сонымен қатар коммерциялық қызмет көрсету сияқты мәселелер жиіленуі жайлы В.М.Карелиннің талдауы өте құнды болып табылды [11].

Жоғары оқу орындары оқытушыларының жарияланымдық және зерттеушілік белсенділіктері деген ұғымдар арасын теңестіру ақиқаттан алшақтауға негіз болуы мүмкін. Себебі жарияланымның санын көбейту мақсатында жас ғалымдар арасында қосалқы автор болу, арнайы жарияланымдар әзірлейтін қызметтер көмегіне жүгіну сияқты жалпы ғылыми жұмысты ақылы нарықтық қатынасқа айналдырулары ғылымның түпкі мәніне нұқсан келтіруде.

Қарастырылып отырған мәселе бойынша зерттеудің эмпирикалық және теориялық әдістері жан-жақты пайдаланылды. Зерттеудің эмпирикалық әдістері ретінде бақылау және оның түрлері, әңгімелесу, кәсіби сұхбат, сауалнамалар, эксперимент, т.б. әдістер кеңінен қолданылды. Теориялық деңгейдегі әдістер ретінде анализ, синтез, аналогия, абстракция, салыстыру, индукция және дедукция, әдебиет көздерін зерттеу, жалпылау, жүйелеу т.с.с. әдістер пайдаланылды.

Зерттеу аясында жүргізілген шағын экспетимент түрлері келесі ғылыми мақалаларда көрініс таппақ.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттермен танысу кез келген зерттеудің бастапқы кезеңдерінің бірі болып табылады. Әдебиет көздерін зерттеу арқылы тақырыптың нақты зерттелу деңгейі, аталған проблемаға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың көзқарастары, құнды пікірлері анықталып, жүйеленді. Осындау жалпылау негізінде авторлардың мәселеге деген жеке көзқарастары қалыптасып, зерттеудің жетекші идеясы айқындала түсті.

Нәтижелер мен талдаулар. ЖОО-ы оқытушыларының ғылыми-зерттеушілік белсенділігін дамыту мәселелерін шешу жолдарын іздестіруде шетелдік тәжірибе де кеңінен зерттелді. Шетелдік университеттерде оқытушылардың зерттеушілік жұмыстары тікелей практиканы өзгертуге, практиканы жетілдіруге және сол өзгерісті тұрақтандыруға бағытталған. Бұл практикаға бағытталған ғылым деген идеяға негізделген шетелдік Action Research (Іс-әрекеттегі зерттеу) идеясының ерекшеліктерімен байланысты қарастырылады. Ғылыми инновацияларды тәжірибеге енгізу, инновацияларды басқару, өзгерістер динамикасын зерттеу, т.с.с. сұрақтар төңірегіндегі зерттеулер Германия (Люнебург) ғалымдарының да қызыға зерттеу нысандары.

Бүгінгі таңда Action Research (Іс-әрекеттегі зерттеу) идеясын зерттеген ғалымдар қатарында Н. Altrichter, А. Feldman, Р. Posch & В. Somekh, Е. Wilson, McLaughlin, К. Herr & G. L. Anderson, Simon Brownhill, М. Larra т.б. ерекше атап көрсеткен жөн.

Е. Wilson өзінің көп жылдық зерттеулерінің нәтижесімен бөлісуге арнайы Қазақстанға келіп «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында Action Research (Іс-әрекеттегі зерттеу) теориясымен және практикасымен таныстырғанын. Көптеген қазақстандық

мектеп мұғалімдері орта білім беру мазмұнын жаңарту бойынша деңгейлік бағдарламаларды игеру бойынша деңгейлік курстарда Action Research зерттеу әдісінің ерекшеліктерін, маңыздылығын және практика жүзінде қолдану стратегияларын меңгерген. Бірақ метеп мұғалімдерінің курста оқу барысында бұл зерттеу әдісін меңгеріп. Орындап көргенімен оны тұрақты практикада пайдаланулары толық жалғасын таппады.

Е. Wilson іс-әрекеттегі зерттеуді практик-маманның зерттеу нысаны ретінде сипаттай отырып, «практик маманның зерттеуі білім мен тәжірибе арасындағы әрқилы өзара қарым-қатынас туралы аргументке және тәжірибені жетілдіру үшін қажетті білім осы күнделікті тәжірибелік жұмысты анықтайтын түрлі факторлардың мән-мәтіні мен өзара қарым қатынасының әсеріне байланысты деген заңдылыққа негізделеді» деп тұжырымдайды [12].

Е. Wilson іс-әрекетте зерттеуді жүргізудің төмендегідей кезеңдерін ұсынады:

- міндеттеме алу / зерттеуге шақыру;
- зерттеуді әзірлеу/сұрақтар мен жауаптарды талқылау;
- тәжірибенің мәнін түсіну/ деректер мен талдау жасау;
- жаңадан бастау/ жаңа жетілдірілген сұрақтарды қарастыру;
- тәжірибені жетілдіру/тәжірибе негізіндегі сабақтар.

Сонымен қатар іс әрекеттегі зерттеу тақырыбының өзін әзірлеу бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері қарарында Simon Brownhill, Т. Унгарова, А. Бипажанова [13] сынды т.б. авторлардың еңбектерін атап өтуге болады. Бұл еңбекте зерттеу сұрағының өзін құрастыруға зор мән берілетіні ерекше назар аударуға лайықты. Зерттеушілер зерттеу сұрағын құрастыруда «Балмұздак» атты конус тәрізді моделдерін ұсынады. Бұл модель бойынша зерттеу аясы, зерттеу пәні, зерттеу объектісі, зерттеуге қатысушылар категориялары бірден айқындалып алынады. Саймонның айтуынша зерттеу тақырыбының өзі сұрақ түрінде және практикаға бір өзгеріс енгізуге бағытталуы тиіс: оқыту практикасын, зерттеу практикасын, дамыту практикасын, практикаға жасалатын интервенцияның ерекшеліктерінің қамтылуы. Конус тәрізді модельдің негізгі компоненттеріне:

- жалпы педагогикалық мәселе (проблема);
- сол проблеманың нақты бір бөлігі;
- бұл проблеманың не үшін зерттелетіндігі;
- зерттеудің қай жерде, қандай пәндер арқылы жүргізілетіні;
- зерттеуге қатысушылардың нақтылануы;
- зерттеудің қалай практикаға пайдалы өзгеріс әкелетіндігі жайлы сұрақтың құрылуы [14].

Сонымен, «Іс-әрекеттегі зерттеу» құрылымы *әрекетті де* (нақты жағдайларда нақты мәселелерді шешуді) және *зерттеуді* (ғылымды білу мақсатына жетуге ұмтылуды) қамтиды. Бұл рефлексиялық тәсілдің негізгі идеясы - нақты өмірлік жағдайларды талдау және осы жағдайларды жақсы жаққа өзгерту. Рефлексиялық талдау жалпы алғанда әр зерттеудің негізгі компоненттерін құрайды, себебі бұл ұғымның мәні латын тілінен аударғанда «артқа оралу» деген мағынаны білдіреді. Немесе, әр жасалған іс-әрекеттің мазмұны не үшін, қалай, қандай жағдайда жасалғаны жан-жақты ой елегінен өткізіледі.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде рефлексияның ғылымдағы орны мен маңызы, рефлексияның зерттеу үдерісіндегі ерекшеліктері, тұлғаға қатысты, уақытқа қатысты, процесстерге қатысты, қарым-қатынастарға қатысты түрлері көп кездеседі. Дәл осы зерттеуде кәсіби рефлексияны педагогтың зерттеушілік іс-әрекеті ретінде сипаттап ашып көру орынды.

Педагогтардың, оқытушылардың *педагогикалық рефлексиясын* оның интегралды құрылымын талдау арқылы айқындауға болады. Бұл құрылымның негізгі құрамды бөліктері ретінде:

- педагогикалық іс-әрекеттің барлық аспектілері жайлы тұтас ғылыми-кәсіптік көзқарастың болуы;
- педагогтардың озық тәжірибелерді зерттеп, өзінің тәжірибесіне жалпылама талдау жасай алуы;
- тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін кәсіби іс-әрекеттің түрлі әдіс-тәсілдерін таңдай алу, оқыту жоспарларын, бағдарламаларын жетілдіре алу;
- оқыту барысында білім алушыларды жұмысқа жұмылдыра алып, жұмыс тәртібін қадағалай алуы;
- кәсіби іс-әрекеттің себеп-салдарын, нәтижелерін жобалай алу;
- педагогикалық жағдаяттарға кәсіби талдау жасай алу, оның әлеуметтік мәнін түсіне білу;

- өзіндік педагогикалық тәжірибесін ғылыми тұрғыдан зерттей алу, т.б.

Сонымен, педагогикалық рефлексияның құрылымдық мазмұны оқытушылардың ғылыми-зерттеушілік белсенділіктерін арттырудағы басты қоғаушы механизмдердің бірі екені анықталуда.

Зерттеу тақырыбына арқау болып отырған Action Research (Іс-әрекеттегі зерттеу) ұғымының түпкі мағынасында педагогтың ішкі рефлексиясы ашық көрініс табуда. Әр педагог өзінің кәсіби іс-әрекетінің даму динамикасы жайлы, өзінің педагогикалық тұрғыдан дамуы, өз тәжірибесін жетілдіру жайлы тереңдетілген рефлексия жасай алуы маңызды. Тереңдетілген педагогикалық рефлексияның тігінен де, көлденеңінен де жүргізілуі іс-әрекеттегі зерттеудің тиімділігінің және нәтижелілігінің басты шарты болмақ.

Сондықтан Action Research (Іс-әрекеттегі зерттеу) оқытушылардың практикасын жақсы жаққа өзгертуге бағытталған зерттеу әдісін бейформалды әдіс ретінде ЖОО оқытушыларының тәжірибесіне интеграциялау, олардың кәсібилігін, зерттеушілік белсенділігін жетілдірудің ұтымды жолдарының бірі ретінде анықталуда. Зерттеуді бейформалды түрде жүргізудің формалды түрдегі зерттеулерге қарағанда айтарлықтай ерекшеліктері бар. Бейформалды зерттеулер алдын ала бекітілген ережелер, тәртіптер және басқа зерттеушілерді міндеттейтін заңнамаларсыз орындалады. Бұл зерттеу әдістері әр мекеме ішіндегі туындаған мәселелерді, күрделі педагогикалық жағдаяттарды зерттеп, сол мәселенің шешімін тауып, жағымды өзгеріс енгізуге негізделген. Бұның ұтымды жақтарын негіздейтін маңызды факторлар ретінде:

- қатысушылардың оқытушылық тәжірибесімен өзінің қалаулары бойынша таңдалған зерттеу ісімен шұғылданулары;
- зерттеуді жүргізуде оқытушының теориялық білімдері мен тәжірибесін ұштастырулары;
- оқытушылардың зерттеу қызығушылықтары бойынша шағын зерттеушілік топ құрып, бірлесе зерттеу жүргізулері;
- зерттеудің бейформалдылығы олардың шығармашылық еркіндігін шектемеуі;
- бейформалды зерттеу әдістерін қолдануда тәлімгерлер таңдай алулары, эксперттік бағалау көмегін өздері таңдауы;
- ЖОО оқытушыларының өз іс-әрекеттеріне кәсіби рефлексия жасаулары болып табылады.

Осыған байланысты ЖОО оқытушыларының іс-әрекеттегі зерттеуі – бұл олардың күрделі мәселелерді жақсы түсінулері және одан әрі жетілдіру мақсатында олардың өз тәжірибелерін өзіндік рефлексиялық зерттеу процесіне айналдыруы. Бұл зерттеудің бейформалды түрі оқытушылардың күш-жігерін шыңдауға, проблемаларды үздіксіз анықтауға, деректерді жинақтауға, оларды талдауға және соның негізінде практикалық әрекеттер арқылы қалыптасқан білім беру тәжірибесін қайта қарастырып және жаңғыртуға бағытталған.

Іс-әрекеттегі зерттеу тәсілінің негізгі қағидасы – зерттеуші өзінің кәсіби тәжірибесі жағдайында ғана өзінің кәсіби қызметі барысында байқалған қиындықтарды немесе проблемаларды анықтай алады. Action Research тәсіліне негізделген зерттеу сыртқы сарапшылар тобының бастамасымен жүргізілмейді, өйткені олар мұғалімнің мәселесімен немесе міндетімен тікелей таныс емес екені анық. Ал оқытушы өзінің кәсіби тәжірибесіндегі олқылықтарды, әлсіз тұстарын өзі жақсы біледі және оны өзгерту үшін қандай ішкі және сыртқы факторлардың әсері басымырақ болатынын, қандай әдістердің тиімдірек болатынын жақсы түсінеді.

Ең бастысы, оқытушылар іс-әрекеттегі зерттеумен айналысқанда өздерінің күнделікті үйреншікті жұмыс жағдайында және өздерінің әдеттегі оқытып жүрген студенттерімен эксперименттер, диагностикалық зерттеулер жүргізе береді. Бұл, біріншіден, оқытушының уақытын үнемдейді, екіншіден, зерттеу жүргізу үшін арнайы лабораториялар мен ғылыми институттарға барудың қажеті аз болады. Әрине, оқытушылар, жас ғалымдар өздерінің зерттеу тақырыптары бойынша білікті, тәжірибелі ғалымдар арасынан өзі ерікті түрде тәлімгер таңдап алуларына болады.

Іс-әрекеттегі зерттеу формасын ЖОО-да оқытушылар практикасына интеграциялаудың қажеттілігі олардың зерттеулерін мета-тәжірибеге айналдырады, демек тәжірибені түзететін, тәжірибені жетілдіретін және дамытатын тәжірибе қалыптасады. Бұл бейформалды зерттеу формасының ерекшелігі оны орындаудағы еркінділік, жауапкершілік, инновациялық өзгерістерге бейімділік ережелеріне негізделуінде.

Формалды зерттеу әдістеріне қарағандағы Action Research (Іс-әрекеттегі зерттеу) формасының маңызды артықшылығы оның «ішкі» проблемаларының барлығының зерттеушіге белгілі болуында. Демек, зерттеуші зерттелетін нысанның ішінен бәрін көріп тұрады. Ал, керісінше, көптеген ресми

түрде жүргізілетін формалды зерттеулерде бұл ең жетіспейтін тетік болып табылатыны рас. Ондай жағдайда қаншама қосымша зерттеу әдістерін қосу қажет болады.

Сонымен қатар, ЖОО оқытушыларының ғылыми-зерттеу белсенділіктерін дамыту өзектілігін Scopus базасындағы зерттеушілер еңбектеріне талдау жасай отырып негіздеп өтуге болады. Соңғы жылдарда осы аталып отырған базада арнайы Іс-әрекетті зерттеу (Action Research) нәтижелерін жариялайтын бірнеше журналдар бар екені анықталды:

- Educational action research (Q2),
- Educational Researcher (Q1),
- Journal of Research in Special Educational Needs (Q2) т.б.

Аталмыш журналдарда ЖОО оқытушыларының зерттеушілік белсенділіктерін дамытуға қатысты McTaggart, Rebecca Price, Cara Wrigley, Judy Matthews, Franz Rauch, Miren Larrea, Н. Bradbury, Davyd J. Greenwood, Morten Levin, Sarah R. Stapleton, Cochran-Smith и Lytle т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жасалды. Осы шетелдік ғалымдардың зерттеушілік іс-әрекетке қатысты отандық көзқарасқа қарағанда біршама ерекшеленетін тұстар байқалды. Шетелдік тәжірибеде іс-әрекеттегі зерттеуді оқытушының рефлексивтік практикасы деп қабылдайды, себебі әр оқытушы өзінің тәжірибесін терең рефлексиядан өткізе отырып өзгертіп, дамытуға тырысады.

Осыған орай оқытушылардың зерттеушілік белсенділіктері шынайы жүргізілген зерттеу негізінде оң динамикасын көрсете алатыны анық. Егер әр оқытушы өз тарапынан өзінің әлсіз тұстарын зерттеп, оны практика жүзінде жетілдіру үшін бейформалды зерттеу әдістерін қолданатын болса, онда ЖОО-ның ғылыми әлеуеті де жоғарлауы ықтимал.

Педагогика саласындағы Action Research (Іс-әрекеттегі зерттеу) шетелдік ғалымдардың зерттеуінше үш сипатта қарастырылады:

- практикалық шешімдерді іздестіріп, практиканы жақсартуға бағытталған зерттеулер;
- педагогикалық қоғамдастықты зерттеп мектепті жақсартуға бағытталған зерттеулер;
- әлеуметтік өзгерістер енгізуге бағытталған зерттеулер.

Демократия принциптеріне негізделі отырып, шетелдік зерттеушілер педагогтарды педагогикалық реформалардың объектісі емес, керісінше, белсенді субъектісі ретінде көрсетуге тырысады. Әсіресе, практик-педагогтардың тәжірибесінің кез келген заңнамалар енгізгенде есепке алу керектігін алға тартады.

Action Research (Іс-әрекеттегі зерттеу) зерттеушілер санына байланысты жеке және ұжымдық (командалық) зерттеуге бөлініп те қарастырылады. Зерттеудің ұжымдық түрі Teacher Participatory Action Research (TPAR) деген аббревиатурамен сипатталған. Бұл зерттеу формасының маңызды ерекшелігі оның зерттеудің ұжымдасқан формасында. Зерттеудің Teacher Participatory Action Research (TPAR) формасында ұжымдық зерттеу ішінде микрозерттеулер орын алуы мүмкін. Сондықтан бұл зерттеу формасы бір ұйым ішінде де жүргізілуі мүмкін.

Ұжымдық зерттеу барысында зерттеушілік дамытушы орта қалыптасады. Педагогика ғылымында ортаның әсерін күшейту тұғыры өте жақсы зерттелген. Тығыз коллаборацияда жүргізілген зерттеу нәтижесі де бір неше көзқарастар қиылысынан туындап, тиімді нәтиже көрсете алады. Ортаның әсерін күшейту тұғыры педагогика саласында методологиялық тұғырлар қатарында қарастырылып келеді, себебі бұл тұлға аралық қарым-қатынастардың бекуіне, коллаборативті дамытушы ортаны жетілдіруге зор ықпалын тигізеді.

Зерттеуші дамытушы ортаның әсерін күшейту тұғырының ерекшеліктерін атап көрсеткен абзал:

- ұжымдық зерттеу мақсаттары мен зерттеу құралдарының сәйкестігі, жалпы барлық зерттеушілік элементтердің себеп пен салдарының өзара байланысын жақсы түсіну;
- ұжымдық зерттеудің үш циклды қамтуы: диагностика, жобалау, нәтиженің болуы;
- терминологиялық және тілдік сәйкестіліктің қамтамасыз етілуі;
- зерттеудегі ғылыми этика мен ғылыми мәдениеттің сақталуы.

Сонымен, Action Research (Іс-әрекеттегі зерттеу) формасының жеке және ұжымдық формасында жүргізілуі де зерттеудің тиімділігіне ықпал ете алатыны айқындалуда.

Қазақстанда НЗМ «Педагогикалық шеберлік орталығының» Сагинов К.М., Ермагамбетова Г.Н., Атейбек С.Т. [15] сынды зерттеушілердің еңбектерінде педагогтардың өз тәжірибелерін зерттеу маңыздылығы ашып көрсетілген. Аталған авторлардың негізгі мақсаты мұғалімдердің өз тәжірибелерін зерттеулері олардың кәсіби жетілулерінің басты тетігі екенін негіздеу. Сонымен қатар педагогтардың ғылыми-зерттеушілік белсенділіктерін дамытудың ерекшеліктері, зерттеу жұмысын жетілдіруге қажетті әдістемелік қамтамасыздандыру негіздері, зерттеу жұмысының этикалық

принциптері жан-жақты қарастырылған. Бұл зерттеу нәтижесінің құндылығын қазіргі таңдағы «зерттеуші-педагог» деген квалификацияны толыққанды қамтамасыз ету қажеттілігімен негіздей кетуге болады.

Іс-әрекеттегі зерттеу оқытушы тәжірибесінде туындаған кез келген мәселені ғылыми тұрғыда зерттеп, шешімін табуға бағытталған. Бұл зерттеудің ұзақтығы мәселенің күрделілігіне байланысты болып келеді.

Шетелдік авторлардың (Anne Burns, Anne Westmacott, Lionel Garreau, Bernard de Montmorillon, Simon Borg, Yousif Alshumaimeri т.б.) басым көпшілігінің зерттеулерінде іс-әрекеттегі зерттеуді ЖОО даму перспективасына жұмыс істейтін негізгі тетік ретінде ұсынады.

ЖОО педагогтарының зерттеушілік белсенділіктерін дамыту болашақта ұлттық экономиканы дамытуға, университеттердің зерттеушілік әлеуетін, сонымен қатар бәсекеге қабілеттіліктерін күшейтуге негіз болады. Simon Borg, Yousif Alshumaimeri [16] пікірлері бойынша ЖОО оқытушылардың білім берушілік қызметтері мен зерттеушілік қызметтерінің арасында өзара тәуелділік пен қарама-қайшылықтары және оған әсер ететін факторларын ескеру маңызды рөл атқарады. Аталған мәселелерді авторлар Сауд Аравиясының ірі университеттерінің бірінде жүргізілген ЖОО оқытушыларының зерттеушілік белсенділіктерінің нәтижелеріне әсер ететін себептерге баса назар аударады: зерттеу нәтижелерінің табысты болуының күтілуі, бірақ соған қажетті психологиялық және педагогикалық жағдайлардың жасалуы.

ЖОО-ғы қайта құрудың бір тетігі ретінде іс-әрекеттегі зерттеу бейформалды форма ретінде білім беру саласын гуманизациялау, демократияландыру, технологияландыру қағидаларына негізделіп, оның әр саласын жетілдірудің маңызды құрамды бөлігіне айналуы тиіс. ЖОО өзгерту және дамыту мақсатына қол жеткізу үшін үдерістерге қатысатын механизмдер жақсы түсіністікпен қабылдануы тиіс. Зерттеу жүргізу барысында оны барлық білім беру субъектілерінің бірден қабылдай қоймайтынын да ескеру қажет, себебі ойлау стереотиптерін және қалыптасып қалған тәжірибені өзгерту өте көп қиындықтар туғызуы мүмкін. Осыған орай оқытушылардың зерттеушілік белсенділіктерін дамытудың негізгі алғышарттарын атап көрсетуге болады:

- зерттеу мәселесінің ЖОО дамуына, оның ғылыми әлеуетінің дамуына басшылықтың түсіністік көзқарасының болуы;
- зерттеу нәтижелерінің оқытушылардың өзіндік кәсіби практикаларын жетілдіруге бағытталғандығын жақсы түсінетін дамытушы ортаның болуы;
- ғылыми-зерттеушілік белсенділіктің сапалы жүргізілуі үшін менторинг жүйесінің, эксперттік бағалау жүйесінің болуы.

ЖОО оқытушыларының ғылыми-зерттеушілік белсенділігін дамытуда іс-әрекеттегі зерттеу нәтижелері қорытындыланып, сол тәжірибе трансформациялануы өте маңызды. Сондай-ақ, бір басталған іс-әрекеттегі зерттеу аясы біртіндеп кеңі береді, қызығушылық танытып қосылатын оқытушыларға әрқашан мүмкіндік беріледі және университеттің басқа да қауымдастықтары зерттеуге тартыла бастайды.

Іс-әрекеттегі зерттеу формасын қазіргі кездегі қалыптасып жатқан зерттеуші университеттер, «зерттеуші- педагог», т.б. өзгерістер аясында ең ұтымды шешімдердің бірі ретінде жүзеге асыру ЖОО ғылыми әлеуетін, зерттеушілік мәдениетін және оқытушылардың зерттеушілік белсенділіктерін дамытудың қозғаушы күші деп сипаттауға болады. Осы тұрғыдан Іс- әрекеттегі зерттеу ғылым саласында кең таралып бара жатқан плагиат, жалған авторлық, ақылы қызметтерге жүгіну сияқты жағымсыз әрекеттерге тосқауыл болуы мүмкін.

Davydd J. Greenwood, Morten Levin [17, 194] негіздеп көрсеткендей «әртүрлі ұйымдық құрылымдар мен университет динамикасында қолданылатын іс-әрекетті зерттеу көптеген мүдделі тараптар үшін түбегейлі және пайдалы өзгерістерге әкелуі мүмкін».

Мақалада қарастырылып отырған оқытушылардың зерттеушілік белсенділігін дамытуда Іс-әрекеттегі зерттеудің төменде көрсетілген негізгі бағыттар бойынша жұмыс істейтінін атап өтуге болады:

- жас ғалымдар формалды түрде диссертациялық жұмыстарын жазуда шынайы зерттеуге қатыстырылады, зерттеудің қандай кезеңінде, қандай деңгейде жүріп жатқанын әріптестері, қатысушыларға айқын көрініп тұрады;
- оқытушылардың зерттеушілік белсенділіктерін дамыту үшін ЖОО-да ішкі оқыту курстарын, Action Research офистері жұмыстарын іске қосу, Action Research сынды бейформалды зерттеу түрлерінің көпшілікке танылуын арттыру, нәтижелерін трансформациялау;

- Ис-әрекеттегі зерттеу кәсіби тәжірибені және зерттеушілік белсенділікті дамытуға бағытталып, оның нәтижелері ғылыми-практикалық зерттеуді жүргізу арқылы туындаған мәселелердің шешімін тауып практикаға жағымды өзгерістер енгізуді көздейді.

Қорыта айтқанда, оқытушылардың ғылыми-зерттеу белсенділіктерін Ис-әрекеттегі зерттеу (Action Research) сынды бейресми түрлерін интеграциялау арқылы дамыту педагогика ғылымы мен педагогикалық тәжірибе арасындағы алшақтықты азайту қажеттілігімен байланысты. «Зерттеусіз әрекет жоқ, әрекетсіз зерттеу жоқ» деген аксиома Action Research-ты ЖОО педагогтарының ғылыми-зерттеу әлеуетін жүйелі дамытудың табысты тетіктерінің бірі екенінің айқын дәлелі.

Жоғары оқу орындарының оқытушылар мен жас ғалымдардың ғылыми-зерттеушілік белсенділіктерін Ис-әрекеттегі зерттеу (Action Research) сынды бейресми түрлерін қолдана отырып дамытудың ұтымды жақтарын атап көрсетуге болады:

- оқытушылар өздерінің тәжірибелерін зерттеу барысында әлеуметтік және кәсіби құзыреттілікке ие болып, өздерінің пәндері мен курстарын өте жоғары шығармашылық деңгейде жүргізе алатын болады;

- оқытушылардың әдістемелік құзыреттіліктері жақсы дамиды және олардың студенттердің білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда педагогикалық шеберліктері арта түседі;

- тұлға аралық коммуникация жақсарып, оқытушылардың әлеуметтік және психологиялық құзыреттіліктері дамиды;

- оқытушылардың оқыту мотивациясы мен студенттердің оқу мотивациясы жоғарлай түседі;

- оқытушылардың шығармашылық ізденістері болашақ мамандарды шығармашылыққа баулуға негіз болады;

- оқытушылар оқытудың репродуктивтік түрінен кнструктивті түріне ауысуға ынталанады;

- педагогикалық іс- ірекет пен ғылыми іс- ірекеттің интеграциялануы жетілдіріледі;

- оқытушылардың ғылыми-зерттеушілік белсенділіктері артып, ғылымның практикаға бағыттылығы күшейе түседі.

Ғылыми-зерттеу жобасы жүргізіліп отырған Абай атындағы ҚазҰПУ- де ұзақ жылдар бойы «жас ғалымдар мектебі» атты жас зерттеуші-мамандарды (аспиранттар) тәрбиелеу мектептері ашылып, онда зерттеудің формалды түрлерінің логикасы, құрылымы, міндеттері мен күтілетін нәтижелері өте жақсы жолға қойылған. Осы жас ғалымдар мектебінің түлектері қазір Қазақстан Республикасының ғылым және білім саласында үлкен ғылыми мектептер ашып, өз салаларында көптеген шәкірттер дайындап өсірген.

Дегенмен бейформалды зерттеулер жүргізу үрдісі бүгінгі күнге дейін соншалықты жоғары оқу орнында толық интеграцияланбағандықтан, осы мәселе зерттеу нысанына айналып отыр. Ғылыми зерттеулердің ресми және бейресми, формалды және бейформалды түрлері параллелді түрде жүргізілуіне легетимділік бар деп қорытындылауға болады.

Заман сұранысына қарай туындап отырған жоғары оқу орындары оқытушыларының ғылыми дүниетанымдарын дамыту қажеттілігі, ғылымның қоғам дамуындағы рөлін жоғарлату маңызы мен оның адами ресурстардың сапасын жақсартудағы мәні зерттеу тақырыбының өзектендіре түсуі анықтала түсті.

Оқырмандар назарына ұсынылып отырған зерттеу Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім беру министрлігі бекіткен IRN: AP14872311 гранттық қаржыландыру бойынша жүргізілген. Ғылыми жобаның тақырыбы: «ЖОО-ның тәжірибесіне Ис-әрекеттегі зерттеу (Action Research) сынды бейформалды зерттеу формаларын интеграциялау арқылы оқытушылардың зерттеушілік белсенділіктерін дамытудың теориясы мен технологиясы». Жоба алдында қойылған басты міндеттердің орындалу барысы келесі жарияланымдарда көрініс таппақ.

Список использованной литературы:

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы. Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988

2. Методология научного исследования в педагогике: коллективная монография / под ред. Р.С. Бозиева, В.К. Пичугиной, В.В. Серикова. – М.: Планета, 2016. – 208 с.

3. Загвязинский В.И. Учитель как исследователь. – М.: Знание, 1980.

4. Хмель Н.Д. Методология научного поиска (Школа начинающего исследователя). Программа спецкурса и методические рекомендации для магистратуры высших учебных заведений. Семипалатинск, 2007 г. - 28 с.

5. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Ғылым, 1998. – 320 с.
6. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса. АГУ им. Абая, 2001.
7. Иванова Н.Д. Формирование исследовательской культуры аспирантов. (Опыт работы кафедры педагогики КазНПУ им.Абая). – Алматы: КазНПУ, 2006. – 51 с.
8. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Оқу құралы. - Алматы: Қарасай, 2013. – 432 б.
9. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т., Муратбаева Г.А. Методология и методы педагогических исследований. Учебник/ Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т., Муратбаева Г.А./ - Алматы: ИП «Ашикбаева», 2018. – 238 с.
10. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. Монография. Алматы: «Ғылым», 2001. 305 с.
11. Карелин В.М. Измеряемый ППС: от выживания к сопротивлению. // Философские науки. РГГУ, -М.; 2017 г. <https://cyberleninka.ru/article/n/izmeryaemuу-pps-ot-vyzhivaniya-k-soprotivleniyu/viewer>
12. Элейн Уилсон. Как проводить исследование в действии. Handbook for teachers. Nazarbayev Intellectual Schools/ Center of Excellence. 2015.
13. Браунхилл С., Унгарова Т. и Бипажанова А. (2016). «Прыжок через первое препятствие»: составление вопросов исследования действия с использованием модели конуса мороженого. Доклад представлен на конференции Kaleidoscope Conference 2016, 25-26 мая, Педагогический факультет Кембриджского университета, Великобритания.
14. Программа исследования в действии: руководство по методам и источникам для рефлектирующего практика. McKernan, P. Curriculum Action research: a handbook of methods and resources for the reflective practitioner. London: Kogan Page. (1991).
15. Исследование учителем собственной практики. Методическое пособие / Сагинов К.М., Ермагамбетова Г.Н., Атейбек С.Т. – Астана: Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2014. – 147 с.
16. Borg Simon, Yousif Alshumaimeri. University teacher educators' research engagement: Perspectives from Saudi Arabia// Teaching and Teacher Education. Volume 28, Issue 3, апрель 2012 г., 347-356 p. journal homepage: www.elsevier.com/locate/tate
<https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0742051X11001338?via%3Dihub>
17. Davydd J. Greenwood, Morten Levin. Introduction to Action Research. Publisher: SAGE Publications, Inc. 2007. ISBN-13: 978-1412925976

References

1. Gosudarstvennaya programma razvitiya obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan na 2020 - 2025 godyi. Utverzhdena postanovleniem Pravitelstva Respubliki Kazahstan ot 27 dekabrya 2019 goda № 988
2. Metodologiya nauchnogo issledovaniya v pedagogike: kollektivnaya monografiya / pod red. R.S. Bozieva, V.K. Pichuginoy, V.V. Serikova. – М.: Planeta, 2016. – 208 s.
3. Zagvyazinskiy V.I. Uchitel kak issledovatel. – М.: Znanie, 1980.
4. Hmel N.D. Metodologiya nauchnogo poiska (SHkola nachinayushego issledovatelya). Programma spetskursa i metodicheskie rekomendatsii dlya magistraturyi vysshih uchebnyh zavedeniy. Semipalatinsk, 2007 g. - 28 s.
5. Hmel N.D. Teoreticheskie osnovyi professionalnoy podgotovki uchitelya. – Almatyi: Fyilyim, 1998. – 320 s.
6. Hmel N.D. Teoriya i tehnologiya realizatsii tselostnogo pedagogicheskogo protsesssa. AGU im. Abaya, 2001.
7. Ivanova N.D. Formirovanie issledovatel'skoy kulturyi aspirantov. (Opyit raboty kafedryi pedagogiki KazNPU im. Abaya). – Almatyi: KazNPU, 2006. – 51 s.
8. Taubaeva SH.T. Pedagogika әдіснамасы. Оқу құралы. - Almatyi: Қарасай, 2013. – 432 б.
9. Taubaeva SH.T., Barsay B.T., Muratbaeva G.A. Metodologiya i metody pedagogicheskikh issledovaniy. Uchebnik/ Taubaeva SH.T., Barsay B.T., Muratbaeva G.A./ - Almatyi: IP «Ashikbaeva», 2018. – 238 s.
10. Taubaeva SH.T. Issledovatel'skaya kultura uchitelya: ot teorii k praktike. Monografiya. Almatyi: «Fyilyim», 2001. 305 s.

11. Karelin V.M. *Izmeraemyiy PPS: ot vyjivaniya k soprotivleniyu.* // *Filosofskie nauki.* RGGU, -M.: 2017 g. <https://cyberleninka.ru/article/n/izmeraemyy-pps-ot-vyzhivaniya-k-soprotivleniyu/viewer>
12. Elain Wilson. *Kak provodit issledovanie v deystviy.* Handbook for teachers. Nazarbayev Intellectual Schools/ Center of Excellence. 2015.
13. Braunhill S., Ungarova T. i Bipajanova A. (2016). «Pryijok cherez pervoe prepyatstvie»: sostavlenie voprosov issledovaniya deystviya s ispolzovaniem modeli konusa morojenogo. Doklad predstavlen na konferentsii Kaleidoscope Conference 2016, 25-26 maya, Pedagogicheskiy fakultet Kembridzskogo universiteta, Velikobritaniya.
14. *Programma issledovaniya v deystvii: rukovodstvo po metodam i istochnikam dlya reflektiruyushego praktika.* McKernan, P. *Curriculum Action research: a handbook of methods and resources for the reflective practitioner.* London: Kogan Page. (1991).
15. *Issledovanie uchitelem sobstvennoy praktiki. Metodicheskoe posobie /* Saginov K.M., Ermagambetova G.N., Ateybek S.T. – Astana: TSentr pedagogicheskogo masterstva AOO «Nazarbaev Intellektualnyie shkolyi», 2014. – 147 s.
16. Borg Simon, Yousif Alshumaimeri. *University teacher educators' research engagement: Perspectives from Saudi Arabia// Teaching and Teacher Education. Volume 28, Issue 3, april 2012 g., 347-356 r.* journal homepage: www.elsevier.com/locate/tate
<https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0742051X11001338?via%3Dihub>.
17. Davydd J. Greenwood, Morten Levin. *Introduction to Action Research.* Publisher: SAGE Publications, Inc. 2007. ISBN-13: 978-1412925976.

MPHTI 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2079.2022.19.61.005>

Akparova Zh.,¹ Kenan A.,² Ayupova G.²

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

² Alikhan Bokeikhan University, Semei, Republic of Kazakhstan

DIAGNOSIS OF THE FORMATION OF PEDAGOGICAL SELF-DETERMINATION OF FUTURE TEACHERS

Abstract

Professional self-determination is the initial stage of professional development and personality formation, a link between general and professional education, an important condition for adequate life self-determination and a successful professional career. The main tasks of professional self-determination are: the formation of a professional orientation and the development of professional self-awareness.

The formation of professional self-determination takes place in unity with a person's life plans, a conscious search for one's place in society, the desire for self-realization and the formation of oneself as a subject of one's own life.

Professional self-determination begins with the choice of a profession, but it does not end there, because a person faces a continuous series of professional choices throughout his life (during vocational training, during specialization, when determining ways to improve skills and creativity, in case of disability or work, etc.). When interpreting the concept of "self-determination", some researchers proceed from the content of the verb "self-determination", which means to realize oneself, one's public interests, to determine one's own existence, one's place in life, in society, to begin to exist independently. According to another interpretation, self-determination is a central factor in the formation of a mature personality, understanding oneself, one's capabilities and aspirations, understanding one's place in human society and one's purpose in life.

In experimental work, using methods, we identified the professional orientation of 1st year students, studied the state of readiness for pedagogical self-determination, determined the level of interest in the types of pedagogical professions of 1st year students and identified their areas of interest.

Based on the results of the application of the methods, we have made the following conclusions. Half of the students surveyed have decided on the choice of profession, but there is also a percentage of undecided students. According to the level of interest in the types of professions, students showed a high level of